

**ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫ БОЙЫНША ТЕКСЕРУ
КОМИССИЯСЫ**

**«Балаларға қосымша және арнаулы білім беруге бөлінген бюджет
қаражатын пайдалануы тиімділігіне ішінара мемлекеттік аудит жүргізу»
аудиторлық іс-шарасы бойынша жүргізілген аудиттің нәтижелеріне
АУДИТОРЛЫҚ ҚОРЫТЫНДЫ**

**ШЫМКЕНТ
2025 жыл**

МАЗМҰНЫ

I. Кіріспе бөлік

- 1.1 Аудиторлық іс-шараның атауы: _____
- 1.2 Мемлекеттік аудиттің мақсаты: _____
- 1.3 Мемлекеттік аудиттің объектілері: _____
- 1.4 Мемлекеттік аудитпен қамтылған кезең: _____

II. Негізгі (талдамалық) бөлік

- 2.1. Аудиттелетін саланың жай-күйін қысқаша талдау: _____
- 2.2. Мемлекеттік аудиттің негізгі нәтижелері: _____

III. Қорытынды бөлік

- 3.1 Мемлекеттік аудит барысында қабылданған шаралар: _____
- 3.2. Мемлекеттік аудиттің нәтижелері бойынша тұжырымдар: _____
- 3.3. Мемлекеттік аудиттің нәтижелері бойынша тапсырмалар: _____

3.4. Қосымша: Мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктердің жиынтық тізілімі, өндірілген сомалардың құжаттары.

ГУ «Ревизионная комиссия по городу Шымкенту» АТФ

«Балаларға қосымша және арнаулы білім беруге бөлінген бюджет қаражатын пайдалануы тиімділігіне ішінара мемлекеттік аудит жүргізу» аудиторлық іс-шарасы бойынша жүргізілген аудиттің нәтижелеріне
АУДИТОРЛЫҚ ҚОРЫТЫНДЫ

I. Кіріспе бөлік

1.1. Аудиторлық іс-шараның атауы:

«Балаларға қосымша және арнаулы білім беруге бөлінген бюджет қаражатын пайдалануы тиімділігіне ішінара мемлекеттік аудит жүргізу».

1.2. Мемлекеттік аудиттің мақсаты:

Балаларға қосымша және арнаулы білім беруге бөлінген бюджет қаражатының мақсатты және тиімді пайдаланылуы.

1.3. Мемлекеттік аудиттің объектілері:

- Шымкент қаласының білім басқармасының «№3 балалар эстетикалық саз мектебі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорын;
- Шымкент қаласының білім басқармасының «Ж.Омарова атындағы №1 балалар саз мектебі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорын;
- Шымкент қаласы білім басқармасының «Көру қабілеті бұзылған балаларға арналған «Үміт» мектеп-интернаты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

1.4. Мемлекеттік аудитпен қамтылған кезең: 01.01.2022-31.12.2024 жылдар аралығы.

II. Негізгі (талдамалық) бөлік.

2.1. Аудиттелетін саланың жай-күйін қысқаша талдау.

1. Шымкент қаласының білім басқармасының «№3 балалар эстетикалық саз мектебі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорын:

Кәсіпорынның мақсаты білім алушылардың өзін-өзі аңықтау, шығармашылығын дамыту, олардың қабілеттерін іске асыру, қоғам өміріне бейімдеу, азаматтық сана-сезімін, жалпы мәдениетін, салауатты өмір салтын қалыптастыру, бос уақытын мазмұнды ұйымдастыру үшін жағдайлар жасау.

2. Шымкент қаласының білім басқармасының «Ж.Омарова атындағы №1 балалар саз мектебі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорын:

Кәсіпорынның мақсаты білім алушылардың өзін-өзі аңықтау, шығармашылығын дамыту, олардың қабілеттерін іске асыру, қоғам өміріне бейімдеу, азаматтық сана-сезімін, жалпы мәдениетін, салауатты өмір салтын қалыптастыру, бос уақытын мазмұнды ұйымдастыру үшін жағдайлар жасау.

3. Шымкент қаласы білім басқармасының «Көру қабілеті бұзылған балаларға арналған «Үміт» мектеп-интернаты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі:

Мемлекеттік мекеменің Білім бері қызметі ҚР заңнамаға сәйкес арнайы білім беру ұйымдарына арналған үлгілік арнайы оқу бағдарламалары мен үлгілік оқу жоспарлары (көру қабілеті бұзылған, көрмейтіндер, нашар көретіндер, кейіннен көрмей қалғандар) негізінде іске асырылады.

2.2. Мемлекеттік аудиттің негізгі нәтижелері.

Аудиторлық іс шарамен жалпы қамтылған қаржы көлемі 3 168 332,0 мың теңге, оның ішінде: 2022 жылы 710 443,0 мың теңгені құраса, 2023 жылы 931 128,0 мың теңгені, 2024 жылы 1 526 761,0 мың теңгені құрады.

Аудитпен барлығы 96 533,2 мың теңге сомасында қаржылық бұзушылықтар анықталды (2022 жыл – 34 743,7 мың теңге, 2023 жылы – 42 511,2 мың теңге, 2024 жылы – 19 278,0 мың теңге), оның ішінде, есеп бойынша қалпына келтірілетін қаржы көлемі 591,0 мың теңге (2024 жыл – 591,0 мың теңге), ал өтелуге жататыны 95 942,2 мың теңге (2022 жыл – 34 743,7 мың теңге, 2023 жыл – 42 511,2 мың теңге, 2024 жыл – 18 687,3 18 637,0 мың теңге).

Тиімсіз жоспарланған қаржы көлемі 187 863,0 мың теңгені (2022 жыл – 106 393,4 мың теңге, 2023 жыл – 48 442,6 мың теңге, 2024 жыл – 33 027,0 мың теңге) құраса, 15 бірлікті (2022 жыл – 9 бірлік, 2023 жыл – 3 бірлік, 2024 жыл – 3 бірлік) құрайтын рәсімдік сипаттағы бұзушылықтар анықталды.

Анықталған бұзушылықтар аудит объектілері бөлінісінде:

1. Бір аудит объектісінде бухгалтерлік есеп дұрыс жүргізілмей, бухгалтерлік есепке алу дұрыс жүргізілмей, Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 28 ақпандағы «Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы» №234 Заңының 5 бабының, 6 бабының 3 тармағының талаптары және Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 31 наурыздағы «Бухгалтерлік есепті жүргізу қағидаларын бекіту туралы» №241 бұйрығымен бекітілген Қағидаларының 15, 16, 18 тармақтарының талаптары сақталмай, 591,0 мың теңгеге қаржылық бұзушылықтар анықталған, атап айтқанда:

1) Шымкент қаласының білім басқармасының «№3 балалар эстетикалық саз мектебі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны – 591,0 мың теңге.

2. Екі аудит объектісінде тарификациялық тізілімді дұрыс бекітілмеу салдарынан мекеме қызметкерлерінің айлық жалақыларына артық қаржы төленген Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы №95-IV «Қазақстан Республикасының Бюджет кодексінің» 4-бабы, 9) тармақшаларының «Негізділік принципінің», 12) тармақшаларының «Тиімділік қағидаты» және 13) «Жауапкершілік принципінің» талаптары және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 29 қаңтардағы № 123 бұйрығымен бекітілген «Білім және ғылым саласындағы азаматтық қызметшілер лауазымдарының тізілімін бекіту туралы» Білім және ғылым саласындағы азаматтық қызметшілер лауазымдарының тізілімінің талаптары сақталмай қызметкерлердің айлық жалақыларын артық есептелініп, төленуі салдарынан жалпы 92 960,2 мың теңгеге қаржылық бұзушылықтар анықталды, атап айтқанда:

1) Шымкент қаласының білім басқармасының «№3 балалар эстетикалық саз мектебі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорын – 44 747,2 мың теңге.

2) Шымкент қаласының білім басқармасының «Ж.Омарова атындағы №1 балалар саз мектебі» мемлекеттік коммуналдық қызыналық кәсіпорын – 48 213,0 мың теңге.

3. Екі аудит объектісінде Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы №95-IV «Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі» кодексінің 51-бабының 12 тармағының, 1) тармақшасының талаптары, Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы «Мемлекеттік мүлік туралы» №413-IV Заңының 140 бабының 4 тармағының талаптары, Шымкент қаласы әкімдігінің 2019 жылғы 4 сәуірдегі «Шымкент қаласының коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындарының таза кірісінің бір бөлігін аудару және бөлу нормативтерін бекіту туралы» №281 қаулысының және Шымкент қаласы әкімдігінің 2018 жылғы 03 тамызындағы №80 қаулысымен бекітілген кәсіпорын Жарғысының 12.2, 13.2, 13.3, 13.4 тармақтарының талаптары талаптары сақталмай, таза табыстың елу пайызы бюджетке аударылмаған немесе жалпы 2 982,0 мың теңгеге қаржылық бұзушылықтар анықталды, атап айтқанда:

1) Шымкент қаласының білім басқармасының «№3 балалар эстетикалық саз мектебі» мемлекеттік коммуналдық қызыналық кәсіпорын – 330,85 мың теңге;

2) Шымкент қаласының білім басқармасының «Ж.Омарова атындағы №1 балалар саз мектебі» мемлекеттік коммуналдық қызыналық кәсіпорын – 2651,15 мың теңге.

4. Үш аудит объектісі бойынша 187 863,0 мың теңгеге бюджет қаржысын тиімсіз жоспарлау фактісі анықталып, Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы №95-IV «Қазақстан Республикасының Бюджет кодексінің» 4-бабы, 9) тармақшаларының «Негізділік принципінің» және 13) «Жауапкершілік принципінің» талаптары сақталмаған, атап айтқанда.

1) Шымкент қаласының білім басқармасының «№3 балалар эстетикалық саз мектебі» мемлекеттік коммуналдық қызыналық кәсіпорын – 89 224 мың теңге;

2) Шымкент қаласының білім басқармасының «Ж.Омарова атындағы №1 балалар саз мектебі» мемлекеттік коммуналдық қызыналық кәсіпорын – 86 169 мың теңге;

3) Шымкент қаласы білім басқармасының «Көру қабілеті бұзылған балаларға арналған «Үміт» мектеп-интернаты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі – 12 470 мың теңге.

Мемлекеттік сатып алу заңнамасын талаптарын сақтамау салдарынан 3 аудит объектісінде жалпы 15 бірлік рәсімдегі сипаттағы бұзушылықтар орын алған, атап айтқанда:

1) Шымкент қаласының білім басқармасының «№3 балалар эстетикалық саз мектебі» мемлекеттік коммуналдық қызыналық кәсіпорын бойынша – 4 бірлік;

2) Шымкент қаласының білім басқармасының «Ж.Омарова атындағы №1 балалар саз мектебі» мемлекеттік коммуналдық қызыналық кәсіпорын бойынша – 8 бірлік;

3) Шымкент қаласы білім басқармасының «Көру қабілеті бұзылған балаларға арналған «Үміт» мектеп-интернаты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі бойынша – 3 бірлік.

III. Қорытынды бөлік

3.1. Мемлекеттік аудит барысында қабылданған шаралар

Жалпы қалған қалпына келтірілетін қаржы көлемі 591,0 мың теңге және өндірілуге жататын қаржы көлемі 95 891,9 мың теңгені құрады.

Қағиданың талаптарына сәйкес, әкімшілік-заң және персоналды басқару бөлімінің бас инспекторы-заң кеңесшісінің келісімімен тиісті құжаттар әкімшілік жауапкершілікке тарту үшін Шымкент қаласы бойынша ішкі мемлекеттік аудит Департаментіне жолданды.

3.2. Мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша тұжырымдар

Аудитпен барлығы 96 533,2 мың теңге сомасында қаржылық бұзушылықтар анықталды (2022 жыл – 34 743,7 мың теңге, 2023 жылы – 42 511,2 мың теңге, 2024 жылы – 19 278,0 мың теңге), оның ішінде, есеп бойынша қалпына келтірілетін қаржы көлемі 591,0 мың теңге (2024 жыл – 591,0 мың теңге), ал өтелуге жататыны 95 942,2 мың теңге (2022 жыл – 34 743,7 мың теңге, 2023 жыл – 42 511,2 мың теңге, 2024 жыл – 18 687,3 мың теңге).

Тиімсіз жоспарланған қаржы көлемі 187 863,0 мың теңгені (2022 жыл – 106 393,4 мың теңге, 2023 жыл – 48 442,6 мың теңге, 2024 жыл – 33 027,0 мың теңге) құраса, 15 бірлікті (2022 жыл – 9 бірлік, 2023 жыл – 3 бірлік, 2024 жыл – 3 бірлік) құрайтын рәсімдік сипаттағы бұзушылықтар анықталды.

Мемлекеттік аудит көрсеткіштері:

- **Тиімділік** – бюджетті жоспарлау барысында 187 863,0 мың теңге бюджет қаражаты тиімсіз жоспарланғандығы анықталды;

- **Нәтижелік** - қаржылық және шаруашылық операцияларды жасау кезінде Қазақстан Республикасы заңнамасы нормаларының талаптарынан ауытқулардың болуына талдау жүргізу.

тікелей және түпкілікті нәтижелерге қол жеткізу бойынша, аудит объектілерінің тарификациялық тізімдердің жұрыс бекітілмеуі, қызметкерлердің айлық жалақылары артық есептеліп төленуі және тиімсіз жоспарланған бюджет қаражатының болуы тікелей түпкі нәтижеге қол жеткізуге кедергісін тигізді деп тұжырым жасауға болады.

- **Мәнділік** – Аудит объектілері тарапынан мемлекеттік сатып алу заңнамасын сақтамау салдарынан 15 бірлік рәсімдік бұзушылық анықталды.

Шымкент қаласы бойынша тексеру комиссиясымен мемлекеттік аудитте қойылған мақсат пен белгіленген ауқым шегіндегі аудит мәселелері бойынша «Балаларға қосымша және арнаулы білім беруге бөлінген бюджет қаражатын пайдалануы тиімділігіне ішінара мемлекеттік аудит жүргізу» аудиторлық іс-шарасы бойынша жүргізілген аудиттің нәтижелері көрсеткендей Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің талаптары сақталмауының салдарынан жүйелі бұзушылықтар орын алғаны анықталды.

Бюджет қаражатының тиімсіз жоспарлануы, таза табыстың 50 пайызы бюджетке аударылмауы, қызметкерлердің айлық жалақылары артық есептеліп

төленуі, мемлекеттік сатып алу заңының сақталмауы негізгі себептері қолданыстағы заңнама талаптарын басшылыққа алмау салдарынан орын алған отырғандығын көрсетеді.

Жалпы бюджет қаражатының жұмсалуды бойынша сапалы мониторингінің жүргізілмеуі мен бюджет қаражатын пайдалану кезінде қолданыстағы заңнамалардың сақталмауы салдарынан бюджет қаржыларының тиімді жұмсалудына кері әсерін тигізген.

Бұл өз кезегінде бюджетті жоспарлау сатысында және бюджет қаржысын пайдалану барысында аудит объектілері басшыларының жауапкершілігін арттыруды қажет етеді.

Сонымен қатар, мемлекеттік кәсіпорындар тиісті бюджетке таза кірістің бір бөлігін уақытылы аудармауы бойынша Кәсіпорынның Жарғыларына сәйкес, «Басқару органы Кәсіпорынның директорымен еңбек қатынастарын ҚР Еңбек кодексіне сәйкес еңбек шартын жасасу арқылы ресімделеді» және «Еңбек шартында Қазақстан Республикасының Еңбек кодексімен белгіленген жағдайлардан басқа, бюджетке таза табыстың белгіленген бөлігі уақытылы аударылмағаны үшін Кәсіпорын директорының жауапкершілігі айқындалады» делінген.

Аудитпен қамтылған кезеңге жергілікті атқарушы органы Шымкент қаласы әкімдігінің білім басқармасы тарапынан Кәсіпорындардың таза табыстарының белгіленген бөлігін бюджетке толық және уақтылы аудару бойынша бақылауды жүзеге асырылмаған.

Қорытындылай келе, жалпы «Балаларға қосымша және арнаулы білім беруге бөлінген бюджет қаражатын пайдалануы тиімділігіне ішінара мемлекеттік аудит жүргізу» аудиторлық іс-шараның нәтижесімен анықталған кемшіліктер мен бұзушылықтарды ескере келе, мемлекеттік аудит объектілері бойынша бюджет қаржыларын пайдалану тиімділігі жеткіліксіз деңгейде деп тұжырымдауға болады.

3.3. Мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша ұсынымдар мен тапсырмалар.

Аудитпен барлығы 96 533,2 мың теңге сомасында қаржылық бұзушылықтар анықталды (2022 жыл – 34 743,7 мың теңге, 2023 жылы – 42 511,2 мың теңге, 2024 жылы – 19 278,0 мың теңге), оның ішінде, есеп бойынша қалпына келтірілетін қаржы көлемі 591,0 мың теңге (2024 жыл – 591,0 мың теңге), ал өтелуге жататыны 95 942,2 мың теңге (2022 жыл – 34 743,7 мың теңге, 2023 жыл – 42 511,2 мың теңге, 2024 жыл – 18 687,3 мың теңге).

Тиімсіз жоспарланған қаржы көлемі 187 863,0 мың теңгені (2022 жыл – 106 393,4 мың теңге, 2023 жыл – 48 442,6 мың теңге, 2024 жыл – 33 027,0 мың теңге) құраса, 15 бірлікті (2022 жыл – 9 бірлік, 2023 жыл – 3 бірлік, 2024 жыл – 3 бірлік) құрайтын рәсімдік сипаттағы бұзушылықтар анықталды.

Мемлекеттік аудит объектілері басшыларына Қазақстан Республикасының қолданыстағы бюджеттік және басқада заңнама талаптарының сақталуын қамтамасыз ету және келешекте қаржылық бұзушылықтарға жол бермеулері бойынша Тексеру комиссиясының Нұсқамалары ұсынылсын.

1. Шымкент қаласының білім басқармасының «№3 балалар эстетикалық саз мектебі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорынның басшысына:

1) 2024 жылғы дебиторлық берешек бойынша 3120-шоты бойынша жалпы соммасы 135,8 мың теңгеге, 3150-шоты бойынша 117,7 мың теңгеге, 3211-шоты бойынша 43,9 мың теңгеге, 3212-шоты бойынша 19,7 мың теңгеге, 3213-шоты бойынша 72,2 мың теңгеге, 3220-шоты бойынша 201,7 мың теңгеге немесе жалпы 591,0 мың теңге есеп бойынша қалпына келтіру жұмыстары жүргізілсін;

2) Кәсіпорынның педагог қызметкерлерінің жалақыларына 2022 жылы «В3» блогының орнына «В2» блогымен артық төленген 16 495,0 мың теңгені бюджетке өндіру жұмыстары жүргізілсін;

3) Кәсіпорынның педагог қызметкерлерінің жалақыларына 2023 жылы «В3» блогының орнына «В2» блогымен артық төленген 19 326,0 мың теңгені бюджетке өндіру жұмыстары жүргізілсін;

4) Кәсіпорынның педагог қызметкерлерінің жалақыларына 2024 жылы «В3» блогының орнына «В2» блогымен артық төленген 8 926,2 мың теңгені бюджетке өндіру жұмыстары жүргізілсін;

5) Кәсіпорынның 2023 жылғы таза табысының 50% мөлшері 330,1 мың теңгені жергілікті бюджеттің кірісіне аудару жұмыстары жүргізілсін;

6) Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің, бюджеттік және өзге де заңнаманың талаптарын сақтамаған жауапты тұлғалардың тәртіптік жауапкершілігі қаралсын;

7) Жоғарыда көрсетілген тапсырмалар бойынша қабылданған шаралар туралы мәлімет 2026 жылдың 04 мамырына дейін Шымкент қаласы бойынша тексеру комиссиясына ұсынылсын.

2. Шымкент қаласының білім басқармасының «Ж.Омарова атындағы №1 балалар саз мектебі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорынның басшысына:

1) Кәсіпорынның педагог қызметкерлерінің жалақыларына 2022 жылы «В3» блогының орнына «В2» блогымен артық төленген 17 014,4 мың теңгені бюджетке өндіру жұмыстары жүргізілсін;

2) Кәсіпорынның педагог қызметкерлерінің жалақыларына 2023 жылы «В3» блогының орнына «В2» блогымен артық төленген 21 487,8 мың теңгені бюджетке өндіру жұмыстары жүргізілсін;

3) Кәсіпорынның педагог қызметкерлерінің жалақыларына 2024 жылы «В3» блогының орнына «В2» блогымен артық төленген 9 710,8 мың теңгені бюджетке өндіру жұмыстары жүргізілсін;

4) Кәсіпорынның 2022 жылғы таза табысының 50% мөлшері 1 234,3 мың теңгені жергілікті бюджеттің кірісіне аудару жұмыстары жүргізілсін;

5) Кәсіпорынның 2023 жылғы таза табысының 50% мөлшері 1 367,3 мың теңгені жергілікті бюджеттің кірісіне аудару жұмыстары жүргізілсін;

6) Кәсіпорынның 2024 жылғы таза табысының 50% мөлшері 50,3 мың теңгені жергілікті бюджеттің кірісіне аудару жұмыстары жүргізілсін;

7) Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің,

бюджеттік және өзге де заңнаманың талаптарын сақтамаған жауапты тұлғалардың тәртіптік жауапкершілігі қаралсын;

8) Жоғарыда көрсетілген тапсырмалар бойынша қабылданған шаралар туралы мәлімет 2026 жылдың 04 мамырына дейін Шымкент қаласы бойынша тексеру комиссиясына ұсынылсын.

3. Шымкент қаласы білім басқармасының «Көру қабілеті бұзылған балаларға арналған «Үміт» мектеп-интернаты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің басшысына:

1) Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің, бюджеттік және өзге де заңнаманың талаптарын сақтамаған жауапты тұлғалардың тәртіптік жауапкершілігі қаралсын;

2) Жоғарыда көрсетілген тапсырма бойынша қабылданған шаралар туралы мәлімет 2026 жылдың 30 қаңтарына дейін Шымкент қаласы бойынша тексеру комиссиясына ұсынылсын.

3.4. Қосымша: Мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктердің жиынтық тізілімі 30 парақта тіркелді.

Тексеру комиссиясының мүшесі



Н. Омаров

Мемлекеттік аудит бөлімінің басшысы




Г. Елшибаев

Жоспарлау, талдау, есептілік және сапаны бақылау бөлімінің басшысы



Д. Кенже

Әкімшілік-заң және персоналды басқару бөлімінің бас инспектор - заң кеңесшісі



Е. Асқаров

Мемлекеттік аудит бөлімінің бас инспекторы – мемлекеттік аудитор



Е. Есиркепов

Мемлекеттік аудит бөлімінің бас инспекторы - мемлекеттік аудитор



Ш. Сариева